

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрлігі  
Астана қаласы  
2013 жылғы 4 қыркүйек  
№ 426



Қазақстан Республикасы  
Экономика және бюджеттік  
жоспарлау министрлігі  
Астана қаласы  
2013 жылғы 16.09  
№ 282

## БІРЛЕСКЕН БҰЙРЫҚ

**Азаматтық бюджетті жасау және орналастыру жөнінде әдістемелік ұсынымдаманы бекіту туралы**

Бюджеттің ашықтықтығының индексінің негізінде бюджеттің ашықтығын зерттеуді жүргізу үшін халықаралық бюджеттік әріптестік шегінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Азаматтық бюджетті жасау және орналастыру жөнінде әдістемелік ұсынымдама (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдама) бекітілсін.

2. Мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару бойынша уәкілетті органдар азаматтық бюджетті жасау және орналастыру кезінде Әдістемелік ұсынымдаманы басшылыққа алсын..

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау Қазақстан Республикасы экономика және бюджеттік жоспарлау және қаржы вице-министрлері Л.М. Кармазинаға және Б.Ш. Шолпанқұловқа жүктелсін.

4. Осы бірлескен бұйрық жоғарыда көрсетілген мемлекеттік органдардың біреуінің соңғы қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі  
Б. Жәмішев



Қазақстан Республикасының  
Экономика және бюджеттік  
жоспарлау министрі  
Е. Досаев



Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің 2013 жылғы  
«4» қыркүйектегі № 426  
және Қазақстан Республикасы  
Экономика және бюджеттік  
жоспарлау министрінің 2013 жылғы  
«16» қыркүйектегі № 282  
бірлескен бұйрығымен  
бекітілген

## Азаматтық бюджетті жасау және орналастыру жөнінде әдістемелік ұсынымдама

### 1. Жалпы ережелер

1. Азаматтық бюджет – республикалық және жергілікті бюджеттерді кеңінен пайдалану үшін бейімделген пішімді және түсінікті тілді қолдана отырып, қалыптастырудың және атқарудың негізгі ережелерін қозғайтын, мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның ресми интернет ресурстарында жарияланатын құжат.

2. Осы Азаматтық бюджетті жасау және орналастыру жөнінде әдістемелік ұсынымдама (бұдан әрі - Әдістемелік ұсынымдама) елдің бюджеті туралы қоғамды кейіннен ақпараттандыру хабардар ету мақсатында азаматтық бюджетті жасау және орналастыру үшін арналған.

3. Мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органның ресми интернет ресурстарында «Азаматтық бюджет» жеке салымында құрылады.

4. Азаматтық бюджетті:

республикалық деңгейде - мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган;

облыс, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейінде - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органы және облыстың,



республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органы.

5. Азаматтық бюджет тиісті өкілетті органға енгізілген бюджеттің жобасы, бекітілген, нақтыланған бюджеттің және бюджетті атқару туралы есептің негізінде жасалады.

## 2. Азаматтық бюджетті жасау

### 2.1 Қазақстан Республикасының заңнамалық базасының және бюджеттік процесінің схемасын жасау

6. Азаматтық бюджетті жасау кезінде мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың ресми интернет ресурстарында Қазақстан Республикасының заңнамалық базасымен бюджеттік процесінің схемасы орналастырылады.

7. Қазақстан Республикасының бюджеттік процесінің заңнамалық базасы Қазақстан Республикасы бюджет кодексінің және оны іске асыру мақсатында әзірленген заңға бағынысты актілерінің шеңберінде қалыптастырылады. Республикалық немесе облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті, бюджетті жасаудың, бекітудің, нақтылаудың және атқарудың негізгі түсініктері, бюджет деңгейлері арасындағы қарым-қатынастар, бюджетті атқару тәртібі, есеп пен есептілік жөніндегі рәсімдер, бюджет мониторингі және нәтижелерді бағалау, мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесі және бюджет заңнамасына сәйкес бюджеттік процестің басқа да негізгі құрайтын бөлшектері сипатталады.


8. Бюджет процесінің схемасында республиканың немесе облыстық деңгейдің, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттік жүйесі, бюджет процесіне мемлекеттік органдардың қатысуы қысқаша сипатталады.

Мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жасайтын бюджетті жоспарлаудың негізгі процедуралары:

республикалық бюджетті, облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін кім және қалай жоспарлайтыны;

республикалық бюджетті, облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін кім қарайды және қандай нормативтік құқықтық актіге сәйкес бекітілетіні көрсетіледі;

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, қашан және қандай себеп бойынша түзетулер енгізілгені көрсетіледі.




Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бюджетті атқарудың негізгі рәсімдерін:

республикалық бюджеттің, облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетін атқаруды кім қамтамасыз ететінін;

түсімдер мен шығыстар бойынша тиісті бюджетті атқарудың негізгі кезеңдерін;

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, қашан және қандай себеп бойынша түзетулер енгізілгенін;

Есепті қаржы жылында бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жасалуын, қаралуын және бекітілуін көрсетеді.

9. Қазақстан Республикасының заңнамалық базасы мен бюджет процесінің схемасын бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органның ұсынған ақпаратын ескере отырып, өз құзыреті шеңберінде жасайды.


Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган ұсынылған ақпаратты алғаннан кейін Қазақстан Республикасының біріңғай заңнамалық базасын және бюджеттік процесінің схемасын жасайды, өзінің ресми интернет ресурсына орналастырады және мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға ресми интернет ресурсына орналастыру үшін жібереді.

## **2.2. Республикалық деңгейде «Бюджетті жоспарлау», «Бюджетті атқару» және «Мемлекеттік борыш» бөлімдерін жасау**

### **2.2.1 Республикалық деңгейде «Бюджетті жоспарлау»**

10. Республикалық деңгейде «Бюджетті жоспарлау» бөлімі «Қазақстан Республикасының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері» және «Республикалық бюджеттің түсімдері мен шығыстары», «Республикалық бюджеттің тапшылығы (профицит)» деген кіші бөлімдерді қамтиды.

11. «Қазақстан Республикасының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері» деген кіші бөлім Қазақстан Республикасының негізгі макроэкономикалық көрсеткіштері мен өлшемдері, соның ішінде Жалпы ішкі өнім (бұдан әрі – ЖІӨ), халықтың адам басына ЖІӨ болжамдалған деңгейі, ЖІӨ нақты өзгерісі, алдағы жылға %, мұнайға ортажылдық әлемдік баға, сауда теңгерімінің сальдосы, мұнай және газ конденсатының табысы, инфляция, АҚШ долларына шаққанда теңгенің ортажылдық бағамы, тауарлардың экспорты мен импорты, тиісті кезеңге бюджеттік шығыстардың мемлекеттік саясаты туралы жалпы көрініс беретін жоспарланған үш жылдық кезеңдегі республикалық бюджеттің негізгі өлшемдері бойынша ақпаратты қамтиды. Алдағы жылдармен салыстырғанда республикалық бюджеттің негізгі өлшемдеріне талдау келтіріледі.




Сондай-ақ негізгі әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер беріледі, олар өзіне мынадай көрсеткіштерді: күн көріс минимумының мөлшерін, айлық есеп көрсеткішін, ең төмен және ортаайлық жалақы мөлшерін, ең төмен және ортаайлық зейнетақы мөлшерін, жоғары оқу орындарындағы және колледждердегі стипендия мөлшерін, жәрдемақыларды, жұмыссыздық деңгейін, халықтың туу деңгейін, базалық зейнетақы төлемін, білім беру саласындағы орта жалақыны, денсаулық сақтау саласындағы орта жалақыны қамтиды.

12. «Республикалық бюджеттің түсімдері мен шығыстары» деген кіші бөлім бюджетаралық қатынастарды қосқанда, алдағы жылдармен салыстыру жүргізу жолымен үшжылдық кезеңге республикалық бюджеттің жоспарланған түсімдері мен шығыстары туралы ақпаратты қамтиды. Ақпарат графикалық құралдар, кестелер, суреттер, диаграммалар жасау арқылы орналастырылады.

13. Республикалық бюджет түсімдерінде мыналар:

салық түсімдері (корпоративтік табыс салығы, қосылған құн салығы, акциздер, табиғи және басқа ресурстарды пайдаланған үшін түсімдер, кедендік төлемдер);

салықтық емес түсімдер (республикалық меншіктен түсетін табыстар, айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар);

негізгі капиталды сатудан (республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерге бекітіліп берілген мемлекеттік мүлікті, мемлекетке тиесілі материалдық резервтен және материалдық емес активтерден тұратын тауарларды сатудан) түсетін түсімдер;

трансферттер түсімдері (облыстық бюджеттерден, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеттерінен трансферттер, Ұлттық қор трансферттері) бойынша талдамалы ақпарат көрсетіледі.

14. Республикалық бюджет шығыстарында мемлекеттік және салалық бағдарламаларды іске асыруға бағытталған шығыстарға талдау, сондай-ақ маңызды әлеуметтік объектілердің құрылысы, маңызды әлеуметтік бағдарламаларды іске асыру, өнеркәсіп пен өндіріске инвестиция салу сияқты алдағы жылдармен салыстырғанда жоспарланған үшжылдық кезеңге негізгі басымды бағыттар бойынша шығыстарға талдау жүргізіледі.

Әлеуметтік саладан негізгі басымдылық болып азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған, бұрын қабылданған барлық әлеуметтік міндеттемелерді орындау табылады.

Денсаулық сақтау жүйесі бойынша тегін медициналық көмектің кепілді көлемін ұсынуға арналған, денсаулық сақтау объектілерін салуға және реконструкциялауға арналған шығыстар туралы деректер көрсетіледі.

Білім беру саласында мектептер, балабақшалар, басқа білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға, жоғарғы және жоғары білімнен кейінгі білімі бар мамандарды даярлауға, мектепке дейінгі тәрбие және білім беруге, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқитындарға




элеуметтік қолдау көрсетуге жоспарланған кезеңде бюджет қаражатын жұмсау туралы ақпарат беріледі.

Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік саласындауш жылдық кезеңге арналған нақты бағыттар мен іс-шаралар бойынша бюджет қаражатын жұмсаудың негізгі бағыттарын көрсеткен жөн.

Жоспарланған кезеңге әрбір әкімшілік-аумақтық бөлініс бойынша сумен жабдықтау объектілеріне, энергетикалық және көлік инфрақұрылымын қамтамасыз етуге, тұрғын үй коммуналдық шаруашылығына арналған республикалық бюджеттің шығыстары бойынша деректер көрсетіледі.

Республикалық бюджеттің шығыстарында жоспарланған үш жылдық кезеңге негізгі бағыттар бойыншанысаналы трансферттерді аумақтық бөлу, сондай-ақ алдағы жылдармен салыстырғанда аумақтар бойынша өзгеріс серпіні көрсетіледі.

15. «Республикалық бюджеттің тапшылығы (профицит)» деген кіші бөлімдетиісті кезеңге арналған республикалық бюджет туралы заңға сәйкес республикалық бюджеттің тапшылығын (профицитін) қаржыландыру көлемінің деректері көрсетіледі.

16. Тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет бекітілгеннен кейін бір айдың ішінде жасалатын және орналастырылатын тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңмен бекітілетін үкіметтік борыш лимиті туралы ақпарат көзделеді.


### 2.2.2. Республикалық деңгейде «бюджетті атқару»

17. «Бюджетті атқару» бөлімі жылына екі рет қалыптастырылады және ағымдағы қаржы жылының жартыжылдығының қорытындылары және жылдың қорытындылары бойынша бюджетті атқарудың кіші бөлімдерін қамтиды.

18. Жартыжылдықтың қорытындылары бойынша бюджетті атқарудың кіші бөлімі Қазақстан Республикасының негізгі макроэкономикалық, элеуметтік-демографиялық көрсеткіштерінің орындалуына, республикалық бюджеттің түсімдері мен шығыстарына, ағымдағы қаржы жылының жартыжылдығының қорытындылары бойынша жартыжылдық шолуды қамтиды. Ақпарат графикалық құралдарды, кестелерді, суреттерді, диаграммаларды пайдалану арқылы орналастырылады.

Бұл ретте жартыжылдық шолу мынадай:

ЖІӨ, инфляция, АҚШ долларына шаққанда теңгенің ортажылдық бағамы, тауарлардың экспорты мен импорты, халықтың саны, орта айлық номиналды жалақы, жоспарланған және іс жүзіндегі көрсеткіштер арасында ауытқулар себептерін көрсете отырып, жұмыссыздық деңгейі бойынша негізгі өлшемдердің орындалуын көрсете отырып, макроэкономикалық және элеуметтік-демографиялық көрсеткіштер бойынша;



толық қаржы жылына 1-жартыжылдықта іс жүзіндегі атқарылуы мен қары жылының 2-жартыжылдығына перспективаларды ескере отырып, бюджетті нақтылау себептері мен көздерін көрсете отырып, бекітілген бюджетпен салыстырғанда тиісті қаржы жылына республикалық бюджеттің өлшемдерін нақтылау туралы ақпаратты қамтиды

салықтық түсімдердің, салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдердің, түсімдер жоспарын орындауға ықпал ететін негізгі факторларды жаза отырып, трансферттер түсімдерінің орындалуын талдауды және кірістер түсімдері жоспарынан іс жүзінде орындалудың ауытқу себептерін қамтитын республикалық бюджеттің кіріс бөлігінің атқарылуы туралы;

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының түсімдері мен пайдаланылуы туралы;

функционалдық топтар мен бюджеттік бағдарламалар бойынша республикалық бюджеттің атқарылуы туралы кесте деректерін қоса бере отырып, орындалмау себептерін көрсеткендегі республикалық бюджеттің шығыс бөлігінің атқарылуы туралы;

ағымдағы қаржы жылындағы бюджет қаражатын жұмсаудың басым бағыттары туралы;

әлеуметтік шығыстарға жүргізілген талдау нәтижелері туралы (жұмсалудың негізгі бағыттары туралы, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету іс-шараларын іске асыру және бюджет қаражатының игерілмеу себептері туралы);

республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттердің атқарылуы туралы;

республикалық бюджеттің атқарылу қорытындысы, бюджет қаражатының қарызға алу және пайдаланылатын қалдықтары есебінен бюджет тапшылығын жабуды іс жүзінде қамтамасыз ету немесе бюджет профицитін, қарыз қаражатын, бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтарын қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге жұмсау жолымен бюджет профицитін пайдалану нәтижелері бойынша тапшылықтың (профициттің) іс жүзінде қалыптасқан сомасы туралы;

бақылау-тексеру жұмысы мен бақылау іс-шараларының қорытындылары туралы ақпаратты қамтиды.

19. Есепті қаржы жылының қорытындысы бойынша бюджетті атқарудың кіші бөлімі Қазақстан Республикасының макроэкономикалық, әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштерін орындау туралы, қаржы жылындағы республикалық бюджеттің түсімдері мен шығыстары туралы, бақылау-тексеру жұмысы, тиісті қаржы жылындағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің есебіне Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің ұсынымдары жайлы ақпаратты қамтитын республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті қамтиды. Ақпаратта графикалық құралдар, кестелер, суреттер, диаграммалар, слайдтар орналастырылады.

Бұл ретте жылдық есеп мынадай:

ЖІӨ, инфляция, теңгенің АҚШ долларына орта жылдық бағамы, тауарлардың экспорты мен импорты, тұрғындар саны, орташа мерзімді номиналды жалақы, жоспарланған және іс жүзіндегі көрсеткіштер арасындағы ауытқулардың себептерін көрсете отырып жұмыссыздық деңгейі бойынша негізгі параметрлерді көрсете отырып, макроэкономикалық және әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер туралы;

салықтық түсімдердің, салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің, түсімдері жоспарының атқарылуына әсер еткен негізгі факторларды баяндай отырып, трансферттер түсімдерінің атқарылуын және кірістер түсімдерінің жоспарынан іс жүзіндегі атқарылудың ауытқу себептерін талдауды қамтитын республикалық бюджеттің атқарылуы туралы;

Қазақстан азаматтарының өмір сапасын және деңгейін жақсартуға қатысты іс-шаралардың іске асырылуы, жұмсалудың негізгі бағыттары туралы, сондай-ақ халықты еңбекпен қамту, денсаулық сақтауды, білім беруді, көліктік инфрақұрылымды, тұрғын үй құрылысын дамыту, индустриалдық-инновациялық даму, агроөнеркәсіп кешенін және іс-шаралардың орындалмау себептерін көрсете отырып, басқа да салаларды дамыту туралы;

функционалдық топтар мен бюджеттік бағдарламалар бойынша республикалық бюджеттің атқарылуы туралы кесте деректерінің қосымшасымен орындалмау себептерін, өткізілген бағалау нәтижелерін көрсете отырып республикалық бюджеттің шығыс бөлігінің атқарылуы туралы;

республикалық бюджеттің атқарылу қорытындысы, бюджет қаражатының қарызға алу және пайдаланылатын қалдықтары есебінен бюджет тапшылығын жабуды іс жүзінде қамтамасыз ету немесе бюджет профицитін, қарыз қаражатын, бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтарын қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге жұмсау жолымен бюджет профицитін пайдалану нәтижелері бойынша тапшылықтың (профициттің) іс жүзінде қалыптасқан сомасы туралы;

бақылау-тексеру жұмысы мен бақылау іс-шараларының қорытындылары туралы;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тиісті қаржы жылындағы есебіне Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің ұсынымдары туралы ақпаратты қамтиды.

### 2.2.3. Республикалық деңгейдегі «Мемлекеттік борыш»

20. «Мемлекеттік борыш» бөлімі борыш құрылымы бойынша бөліністегі соңғы бес жылдағы мемлекеттік борыштың серпінін қамтиды (Қазақстан Республикасы Үкіметінің борышы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің борышы, жергілікті атқарушы органдардың борышы).






Сондай-ақ, мемлекеттік борыштың ЖІӨ-ге (50%-дан жоғары емес) қатынасын сақтау көрсетіледі.

Осы бөлімдегі ақпарат графикалық құралдарды, кестелерді, суреттерді, диаграммаларды пайдалана отырып ұсынылады.

### **2.3. Облыстық деңгейде, республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде «Бюджетті жоспарлау» және «Бюджетті атқару» бөлімдерін жасау**

#### **2.3.1. Облыстық деңгейде, республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде «Бюджетті жоспарлау»**

21. Облыстық деңгейде, республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде «Бюджетті жоспарлау» бөлімі «Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері» және «Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің түсімдері мен шығыстары» кіші бөлімдерін қамтиды.

22. «Өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері» кіші бөлімі өткен жылдармен салыстырғанда болжанатын ЖӨӨ деңгейінде тиісті кезеңге арналған бюджет шығыстарының мемлекеттік саясаты туралы жалпы ұсыным беретін жоспарланатын үш жылдық кезеңде облыстық деңгейдегі әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері бойынша ақпаратты қамтиды.

Сондай-ақ айлық есептік көрсеткіш, ең аз және орташа мерзімді жалақы мөлшері, зейнетақының ең аз мөлшері, степендияның, жәрдемақының мөлшері көрсетіледі.

23. «Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің түсімдері мен шығыстары» кіші бөлімі үш жылдық кезеңге бюджетаралық қатынастарды қоса өткен жылдармен салыстыру арқылы облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің жоспарланған түсімдері мен шығыстары туралы ақпаратты қамтиды. Ақпарат графикалық құралдарды, кестелерді, суреттерді, диаграммаларды жасау арқылы орналастырылады.

24. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің түсімдерінде мынадай:

салықтық түсімдер (корпоративтік табыс салығы, қосымша құн салығы, акциздер, табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсімдер, кедендік төлемдер);

салықтық емес түсімдер (республикалық меншіктен түскен кірістер, айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алу);

негізгі капиталды сатудан (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сатудан, мемлекеттік материалдық резервтің және мемлекетке тиесілі материалдық емес активтердің тауарларынан) түскен түсімдер;

трансферттердің түсімдері (аудандық (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттерінен трансферттер, республикалық бюджеттен трансферттер) бойынша талдамалы ақпарат көрсетіледі.

25. Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің шығыстарында аумақты дамыту бағдарламасына сәйкес аумақты дамытудың басым бағыттары бойынша шығыстарды талдау келтіріледі.

Әлеуметтік салада азаматтардың әл-ауқатын арттыруға бағытталған бұрын қабылданған барлық әлеуметтік міндеттемелерді орындау негізгі басымдық болып табылады.

Денсаулық сақтау жүйесі бойынша денсаулық сақтау объектілерін салуға және реконструкциялауға тегін медициналық көмектің кепілденген көлемін ұсынуға арналған шығыстар көлемі туралы деректер көрсетіледі.

Білім беру саласында мектептерді бала бақшаларды және басқа да білім беру объектілерін салуға және реконструкциялауға, жоғары білімі бар мамандарды даярлауға, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша жоспарланған кезеңге арналған бюджет қаражатының жұмсалуды туралы ақпаратты ұсынады.

Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік саласында үш жылдық кезеңге арналған нақты бағыттар мен іс-шаралар бойынша бюджет қаражатын жұмсаудың негізгі бағыттарын көрсеткен жөн.


Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің шығыстары бойынша сумен жабдықтау объектілерін, энергетикалық және көліктік инфрақұрылымды, жоспарланған кезеңге әрбір әкімшілік-аумақтық бөлу бойынша тұрғын үй коммуналдық шаруашылықты қамтамасыз ету деректері көрсетіледі.

Облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің шығыстарында жоспарланған үш жылдық кезеңге негізгі бағыттар, сондай-ақ өткен жылдармен салыстырғандағы аумақтар жөніндегі өзгеріс серпіні бойынша республикалық бюджеттен нысаналы трансферттерді бөлу.

26. Бюджет тапшылығы (профицит), тиісті кезеңдегі жергілікті бюджет туралы мәслихат шешіміне сәйкес бюджет тапшылығын (профицитті пайдалану) қаржыландыру көлемінің деректері көрсетіледі.

---

### 2.3.2. Облыстық деңгейде, республикалық маңызы бар қала деңгейінде «Бюджеттің атқарылуы»



27. «Бюджеттің атқарылуы» бөлімі жылына екі рет қалыптастырылады және ағымдағы қаржы жылының жартыжылдығы мен жыл қорытындысы бойынша бюджетті орындаудың кіші бөлімдерін қамтиды.

28. Жартыжылдық қорытындысы бойынша бюджетті атқарудың кіші бөлімі облыстық деңгейде, республикалық маңызы бар қала, астана деңгейінде өңірді әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштерін орындауға жартыжылдық шолуды, облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің түсімдері мен шығыстарын, ағымдағы қаржы жылының жартыжылдық қорытындысы бойынша бақылау-тексеру жұмысын қамтиды. Ақпарат графикалық құралдарды, кестелерді, суреттерді, диаграммаларды пайдалана отырып ұсынылады.

Бұл ретте жартыжылдық шолу мынадай ақпаратты:

ЖӨӨ деңгейін көрсете отырып, өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту, халықтың саны, орта мерзімді номиналды жалақы, жоспарланған және іс жүзіндегі көрсеткіштер арасындағы ауытқу себептерін көрсете отырып жұмыссыздық деңгейінің көрсеткіштері бойынша;

қаржы жылының 1 жартыжылдығының іс жүзінде орындалуын және 2 жартыжылдықтың перспективасын ескере отырып, толық қаржы жылына арналған кірістер мен шығыстардың болжамын, экономикалық болжамын қоса, бюджетті нақтылаудың себептері мен көздерін көрсете отырып, бекітілген бюджетпен салыстырғанда тиісті қаржы жылына арналған облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің өлшемдерін нақтылау туралы;

түсімдер жоспарының орындалуына және кірістер түсімдері жоспарынан іс жүзінде орындалуының ауытқу себептеріне ықпал ететін негізгі факторларын көрсете отырып, салықтық түсімдердің, салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдердің, трансферттер түсімдерінің орындалуын талдауды қамтитын облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің кіріс бөлігін атқару туралы;


функционалдық топтар мен бюджеттік бағдарламалар бойынша облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы кесте деректері қосымшасын, орындалмау себептерін көрсете отырып облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің шығыс бөлігінің атқарылуы туралы;

ағымдағы қаржы жылы бюджет қаражатын жұмсаудың басым бағыттары туралы;

әлеуметтік шығыстарға жүргізілген талдау нәтижелері туралы (жұмсалудың негізгі бағыттары туралы, білім беру, денсаулық сақтау, әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету іс-шараларын іске асыру және бюджет қаражатының игерілмеу себептері туралы);

республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттердің атқарылуы туралы;

облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана




бюджетінің атқарылу қорытындысы, бюджет қаражатының қарызға алу және пайдаланылатын қалдықтары есебінен бюджет тапшылығын жабуды іс жүзінде қамтамасыз ету немесе бюджет профицитін, қарыз қаражатын, бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтарын қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге жұмсау жолымен бюджет профицитін пайдалану нәтижелері бойынша тапшылықтың (профициттің) іс жүзінде қалыптасқан сомасы туралы;

бақылау-тексеру жұмысы мен бақылау іс-шараларының қорытындылары туралы ақпаратты қамтиды.

29. Өңірдің әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштерінің негізгі көрсеткіштерінің орындалуы туралы, қаржы жылындағы облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің түсімдері мен шығыстары туралы, тиісті қаржы жылындағы облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы есепке мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ұсынымдарында, бақылау-тексеру жұмыстарында ақпаратты қамтитын есепті қаржы жылының қорытындысы бойынша бюджетті атқарудың кіші бөлімі облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті қамтиды.

Бұл ретте жылдық есеп мынадай:

жалпы өңірлік өнімді (бұдан әрі – ЖӨӨ) деңгейін көрсете отырып, өңірді әлеуметтік-экономикалық дамыту, халықтың саны, орта мерзімді номиналды жалақы, жоспарланған және іс жүзіндегі көрсеткіштер арасындағы ауытқу себептерін көрсете отырып жұмыссыздық деңгейінің көрсеткіштері бойынша;

түсімдер жоспарының орындалуына және кірістер түсімдері жоспарынан іс жүзінде орындалуының ауытқу себептеріне ықпал ететін негізгі факторларын көрсете отырып, салықтық түсімдердің, салықтық емес түсімдердің, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдердің, трансферттер түсімдерінің орындалуын талдауды қамтитын облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің кіріс бөлігін атқару туралы;

өңірдегі азаматтардың өмір деңгейі мен сапасын жақсартуға қатысты, сондай-ақ іс-шаралардың орындалмау себептерін көрсете отырып, аумақты дамыту бағдарламасын іске асыру барысы туралы іс-шараларды іске асырудың, жұмсаудың негізгі бағыттары туралы;

функционалдық топтар мен бюджеттік бағдарламалар бойынша облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы кесте деректері қосымшасын, жүргізілген бағалау нәтижелерін, орындалмау себептерін көрсете отырып, облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің шығыс бөлігінің атқарылуы туралы;

облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылу қорытындысы, бюджет қаражатының қарызға алу және

пайдаланылатын қалдықтары есебінен бюджет тапшылығын жабуды іс жүзінде қамтамасыз ету немесе бюджет профицитін, қарыз қаражатын, бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтарын қарыздар бойынша негізгі борышты өтеуге жұмсау жолымен бюджет профицитін пайдалану нәтижелері бойынша тапшылықтың (профициттің) іс жүзінде қалыптасқан сомасы туралы;

бақылау-тексеру жұмысы мен бақылау іс-шараларының қорытындылары туралы;

мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының тиісті қаржы жылындағы бюджеттің атқарылуы жайлы жылдық есепке ұсынымдары туралы ақпаратты қамтиды.

## **2.4 Аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейінде «Бюджетті жоспарлау» және «Бюджетті атқару» бөлімдерін жасау**

### **2.4.1 Аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейінде «Бюджетті жоспарлау»**

30. Аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейінде «Бюджетті жоспарлау» бөлімі «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері» және «Аудан бюджетінің (облыстық маңызы бар қаланың) түсімдері мен шығыстары» кіші бөлімдерін қамтиды.

31. «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері» кіші бөлімі үш жылдық кезеңге жоспарланған аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейінде негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері жөніндегі ақпаратты қамтиды, бұлар тиісті кезеңге арналған бюджеттік шығыстардың мемлекеттік саясаты туралы, алдыңғы жылдармен салыстырғанда ЖӨӨ-нің болжамдық деңгейі жалпы түсінік береді.

Сол сияқты айлық есептік көрсеткіш, ең төменгі жалақы және орташа айлық жалақы мөлшері, ең аз зейнетақы мөлшері, стипендия, жәрдемақы мөлшері көрсетіледі.

32. «Аудан бюджетінің (облыстық маңызы бар қаланың) түсімдері мен шығыстары» бюджетаралық қатынастарды қоса алғанда, алдыңғы жылдармен салыстырғанда үш жылдық кезеңге жоспарланған аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеттің түсімдері мен шығыстары туралы ақпаратты қамтиды. Ақпарат графикалық құралдарды, кестелерді, суреттерді, диаграммаларды пайдалану арқылы орналастырылады.

33. Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінің түсімдері:

салық түсімдері (корпоративтік табыс салығы, қосылған құн салығы, акциздер, табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсімдер, кедендік төлемдер);




салық түсімдері (республикалық меншіктен түсетін кірістер, айыппұлдар, үсімпұлдар санкциялар);

негізгі капиталдан түсетін түсімдер (жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сатудан, мемлекеттік материалдық резервтен алынатын тауарлар және мемлекетке тиесілі материалдық емес активтер);

трансферттердің түсімдері (облыстық бюджеттен алынатын трансферттер) бойынша талдамалық ақпарат көрсетіледі.

34. Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің шығыстарында аумақтық даму бағдарламасына сәйкес аумақ дамуының негізгі басым бағыттары бойынша шығыстарды талдау келтіріледі.

Әлеуметтік салада азаматтардың әл-ауқатын көтеруге бағытталған барлық бұрын қабылданған әлеуметтік міндеттемелерді орындау негізгі басымдылық болып табылады.

Денсаулық сақтау жүйесі бойынша тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемін көрсетуге, денсаулық сақтау объектілерінің құрылысын салу және реконструкциялауға арналған шығыстар көлемі туралы деректер көрсетіледі.

Білім беру саласында жоспарланатын кезеңге мектептердің, балабақшалардың және басқа да білім объектілерінің құрылысын салуға және реконструкциялауға жоғары білімді мамандарды даярлауға, мектепке дейінгі тәрбиеге және оқытуға, мемлекеттік білім беру тапсырыс бойынша оқып жатқандарға әлеуметтік көмек көрсетуге бюджет қаражатын жұмсау туралы ақпарат ұсынылады.

Мәдениет, спорт, туризм және ақпарат кеңістік саласында үш жылдық кезеңге нақты бағыттар мен іс-шаралар бойынша бюджет қаражатын жұмсаудың басты бағыттарын көрсеткен жөн.

Жоспарланатын кезеңге әрбір әкімшілік аумақтық бөлініс бойынша сумен жабдықтау объектілеріне энергетикалық және көлік инфрақұрылымын қамтамасыз етуге, тұрғын үй коммуналдық шаруашылыққа арналған аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің шығыстары бойынша деректер көрсетіледі.

Аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің шығыстарында жоспарланған үш жылдық кезеңге арналған негізгі бағыттар бойынша облыстық бюджеттен алынатын нысаналы трансферттерді бөлу, сондай-ақ алдыңғы жылдармен салыстырғанда аумақтар бойынша өзгерістер серпіні көрсетіледі.

35. Бюджеттің тапшылығы (профициті), тиісті кезеңге арналған жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне сәйкес бюджеттің тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) көлемінің деректері көрсетіледі.



## 2.4.2 Аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейінде «Бюджеттің атқарылуы»

36. «Бюджеттің атқарылуы» бөлімі жылына екі рет қалыптастырылады және ағымдағы қаржы жылының жартыжылдық қорытындылары және жылдық қорытындылары бойынша бюджетті атқарудың кіші бөлімдерін қамтиды.

37. Жартыжылдық қорытындылары бойынша бюджетті атқарудың кіші бөлімі аудан (облыстық маңызы бар қала) деңгейінде өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштерін орындаудың жартыжылдық шолуын, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің түсімдері мен шығыстарын, ағымдағы қаржы жылының жартыжылдық қорытындылары бойынша бақылау-тексеру жұмыстарын қамтиды. Ақпарат графикалық құралдарды, кестелерді, суреттерді, диаграммаларды, слайдтарды пайдалану арқылы орналастырылады.

Бұл ретте жартыжылдық шолу:

ЖӨӨ-нің деңгейін халық санын көрсете отырып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының көрсеткіштері, орта айлық номиналдық жалақы, жоспарланған және нақты көрсеткіштердің арасындағы ауытқу себептерін көрсете отырып, жұмыстық деңгейі бойынша;

экономикалық болжамды, толық қаржылық жылға арналған кірістер мен шығыстардың болжамдарын қоса алғанда бюджеттің нақтыландыру себептері мен көздерін көрсетіп, қаржы жылының 1 жартыжылдығы үшін нақты атқарылуды және 2 жартыжылдыққа арналған перспективаларды ескере отырып бекітілген бюджетпен салыстырғанда тиісті қаржы жылына арналған аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің параметрлерін нақтылау туралы;

салықтық түсімдерді, салықтық емес түсімдерді, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерді, трансферттердің орындалуын талдауды қамтитын түсімдер жоспарының орындалуына ықпал ететін негізгі факторларды және де нақты орындаудың кіріс түсімдері жоспарынан ауытқу себептерін баяндай отырып, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің кіріс бөлігінің атқарылуы туралы;

аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің кіріс бөлігінің орындалмау себептерін көрсете отырып, функционалдық топтар және бюджеттік бағдарламалар бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы кестелік деректерді тіркей отырып, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің шығыс бөлігінің атқарылуы туралы;

ағымдағы қаржы жылында бюджеттік қаражатты жұмсаудың басым бағыттары туралы;

жүргізілген әлеуметтік шығыстарды талдаудың нәтижелері туралы (жұмсаудың негізгі бағыттары туралы, білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік




көмек және әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы іс-шараларды іске асыру және бюджеттік қаражатты игермеудің себептері туралы);

облыстық бюджеттен бөлінетін нысаналы трансферттердің орындалуы туралы;

аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылу қорытындылары бойынша нақты қалыптасқан тапшылықтың (профициттің) сомасы, бюджет тапшылығын қарыз алу және бюджет қаражатының қалдығын пайдалану есебінен өтеуді нақты қамтамасыз ету, немесе бюджет профицитін, қарыз бойынша негізгі борышты өтеуге бюджет қаражатының қалдығын пайдаланатын қарыздар қаражатын жұмсау арқылы бюджет профицитін пайдалану нәтижелері бойынша;

бақылау-тексеру жұмыстары және бақылау іс-шараларының қорытындылары туралы ақпаратты қамтиды.

38. Есепті қаржы жылының қорытындылары бойынша бюджеттің атқарылу бөлімі өңірдің әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштерінің негізгі көрсеткіштерін орындалуы туралы, қаржылық жылға аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің түсімдері мен шығыстары, бақылау-тексеру жұмыстары, тиісті қаржы жылындағы аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы есепке мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ұсынымдамалары туралы ақпаратты қамтитын аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті қамтиды. Ақпарат графикалық құралдарды, кестелерді, суреттерді, диаграммаларды, слайдтарды пайдалану арқылы орналастырылады.


Бұл ретте жылдық есеп:

ЖӨӨ-нің деңгейін халық санын көрсете отырып, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының көрсеткіштері, орта айлық номиналдық жалақы, жоспарланған және нақты көрсеткіштердің арасындағы ауытқу себептерін көрсете отырып, жұмыстық деңгейі бойынша;

салықтық түсімдерді, салықтық емес түсімдерді, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдерді, трансферттердің орындалуын талдауды қамтитын түсімдер жоспарының орындалуына ықпал ететін негізгі факторларды және де нақты орындаудың кіріс түсімдері жоспарынан ауытқу себептерін баяндай отырып, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің кіріс бөлігінің атқарылуы туралы;

жұмсаудың негізгі бағыттары, өңір азаматтарының, тұрмыс сапасы мен деңгейін жақсартуға қатысты іс-шараларды іске асыру туралы, сондай-ақ аумақтық дамыту бағдарламаларын орындалмаған іс-шаралардың себептерін көрсете отырып, іске асырудың барысы туралы;

аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің кіріс бөлігінің орындалмау себептерін көрсете отырып, жүргізілген бағалаудың нәтижелерімен функционалдық топтар және бюджеттік бағдарламалар бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы кестелік деректерді тіркей отырып, аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің шығыс бөлігінің атқарылуы туралы;





аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылу қорытындылары бойынша нақты қалыптасқан тапшылықтың (профициттің) сомасы, бюджет тапшылығын қарыз алу және бюджет қаражатының қалдығын пайдалану есебінен өтеуді нақты қамтамасыз ету, немесе бюджет профицитін, қарыз бойынша негізгі борышты өтеуге бюджет қаражатының қалдығын пайдаланатын қарыздар қаражатын жұмсау арқылы бюджет профицитін пайдалану нәтижелері бойынша;

бақылау-тексеру жұмыстары және бақылау іс-шараларының қорытындылары туралы;

тиісті қаржылық жылға бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепке мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ұсынымдалалары туралы ақпаратты қамтиды.

### 3. Азаматтық бюджетті орналастыру тәртібі

39. Азаматтық бюджет, мемлекеттік жоспарлау және бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органдардың ресми интернет ресурстарында мемлекеттік және орыс тілдерінде, қажет болған жағдайда ағылшын тілінде орналастырылады.

Халықты кеңінен хабардар ету үшін аудан деңгейіндегі (облыстық маңызы бар қала деңгейіндегі) азаматтық бюджет баспа бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

40. Бюджеттік заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда Қазақстан Республикасы бюджет процесінің заңнамалық базасы және бюджет процесінің сұлбасы тиісті нормативтік құқықтық актілер қолданысқа енгізілгеннен кейін 20 күнтізбелік күн ішінде жаңартылады.

Қазақстан Республикасы бюджет процесінің заңнамалық базасын және бюджет процесінің сұлбасын жаңарту үшін мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган тиісті нормативтік құқықтық актілер қолданысқа енгізілгеннен кейін 10 күнтізбелік күн ішінде өз құзыреті шеңберінде бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органға ұсыныстар жібереді.

41. «Бюджет жоспарлау» бөлімі мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган жылына екі рет қалыптастырады және ресми интернет ресурстарда:

бюджет жобасын тиісті деңгейдегі өкілді органға қарауға және бекітуге енгізгеннен кейін 10 күнтізбелік күн ішінде;

тиісті деңгейдегі бюджет бекітілгеннен кейін бір ай ішінде орналастырылады.

42. «Бюджеттің атқарылуы» бөлімі бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жылына екі рет қалыптастырады және ресми интернет ресурста:

ағымдағы қаржылық жылдың жартыжылдық қорытындылары бойынша тиісті бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган бюджеттің атқарылуы туралы есепті Қазақстан Республикасының Үкіметіне немесе облыстардың




(республикалық маңызы бар қаланың, астананың), аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдігіне ұсынғаннан кейін ай ішінде;

жылдың қорытындылары бойынша тиісті деңгейдегі өкілдік орган бюджеттің атқарылуы туралы есепті, қаржы жылындағы тексеру нәтижелері бойынша мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ұсынымдамаларымен бір мезгілде бекіткеннен кейін ай ішінде орналастырылады.

43. Қаржылық жылдың аяғындағы борыштың жәй-күйі туралы талдамалық ақпаратты қамтитын «Мемлекеттік борыш» бөлімі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган қалыптастырады және жылдың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Парламентінде республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті бекіткеннен кейін ай ішінде орналастырылады.

44. Республикалық бюджет туралы заңға және жергілікті бюджет туралы мәслихаттың шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда азаматтық бюджет олар қолданысқа енгізілгеннен кейін ай ішінде жарияланады.

45. Азаматтық бюджеттің мазмұны қысқа, түсінікті және азаматтар үшін тез түйсінілуі, оны жариялаған кезде кестелер, схемалар, диаграммалар және басқа да форматтар пайдаланылады.

46. Мемлекеттік бюджеттің бөлімдері осы өңірлер үшін тән өзге де ақпараттармен толықтырылуы мүмкін. Мысалы, білім беру саласында қосымша ынталандыру төлемдері, халыққа әлеуметтік көмек көрсету, жұмыстық деңгейі және т.б.

47. Азаматтық бюджетке сілтемелер, оның ішінде электрондық сілтемелер немесе неғұрлым толық ақпараттармен басқа да көздер қамтылады.

